

**Казталов ауданының білім беру бөлімінің 02.03.2022 жылғы № 73 – нұ  
бұйрығына сәйкес Талдыапан жалпы орта білім беретін мектебіндегі  
балалардың тамақтану сапасына ағымдағы жылдың 18 наурыз күні  
жүргізілген мониторингтің қорытынды анықтамасы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы №ҚРДСМ – 76, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы № 598 бұйрығына сәйкес Талдыапан жалпы орта білім беретін мектептің білім алушыларының және интернат тәрбиеленушілерінің тамақтануын сапалы ұйымдастыру жұмыстары зерделенді .

Мониторинг жүргізу барысында аталған мектепте бірқатар кемшіліктер орын алды. Атап айтсақ, тамактандыруды ұйымдастыруды объектінің талаптарға сәйкестігі туралы санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы жоқ, күнделікті мәзірдің перспективалық ас мәзіріне сәйкес еместігі , яғни 17,18 наурыз күндері I тағам құрамы (17.03.тәуліктік сынамағ сәйкес балық котлеті болмауына байланысты ешбір ет өнімімен алмастырылмаган, картоп езбесі орнына туралған картоп берілген, 18.03.бұршақ көжесінің құрамында сәбіз жоқ) сәйкес келмейді. 18 наурыз күнгі порциядағы тағамдарды бақылап өлшеуде бұршақ көжесінің құрамындағы сиыр еті 12 гр ( болуы тиіс 80-150 гр) , порция салмағы 165 гр ( болуы тиіс 200-250 гр) құраса, алма өлшемі 158 гр (200 -250 болуы тиіс) құрады.

Тамақ ішуді ұйымдастыруды қол кептіргіштер саны жеткіліксіз. Үйдістардың жай күйі I тағам тарелкасының, бокалдың шеттері сынған, жырылған.

Ас блогы ыстық сумен қамтылған, су жылдықтың жарамды. Тәуліктік сынамалар тоңазытқыш сөресіне қойылған, таңбаланған. Ас блогындағы шамдардың қорғаныш плафондары жоқ, тамақтану залындағы 20 электр жарығы істен шыққан. Жуу құралдарын сақтау бойынша диахлор ерітіндісі жабық ыдыста сақталған, таңбаланған, сақтау мерзімі белгіленбеген.

Тамақ өнімдерін сертификаттары мен сәйкестігі туралы декларациясы сүт, сұйық май, тұз, макарон өнімдерінде сәйкес емес. Келіп түскен өнімнің сапасы, нормаларға сәйкестігі туралы журнал жүргізілгенімен, картоп өнімінің сапасы нашар екендігі анықталды.

Өнімдерді сақтау шарттары бойынша тамақ өнімдері қоймада стеллаждарда, сөреде сақталған, температуралық-ылғалдылықты сақтау үшін термометр қойылмаған.

Ас блогы қызметкерлері медициналық тексеруден және гигиеналық оқытудан уақытылы өткенімен, күнделікті ас блогы қызметкерлерінің күнделікті жағдайы туралы «Денсаулық» журналы жүргізілмеген. Ас блогындағы жұмысшылардың бірі - шаруашылық менгерушісі Керееваның бөгде заттары (*сырға, сақина*) бар екендігі анықталды.

**Зерделеу қорытындысы негізінде ұсынылады:**

- Тамақтандыруды ұйымдастыру барысында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ – 76, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы № 598 бүйрүғына сәйкес талаптарды қатаң сақтау;
- Тамақтың сапасын бақылау үшін жауапты қызметкерлердің жұмысын нақты үйлестіру;
- Тапсырыс беруші ретінде тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша тауарларды жеткізушінің шартта көрсетілген міндеттерін талап ету, қадағалау.

Бөлім басшысы

С.Джангерева

Орындаған: Н.Мергалиева